

АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

4-БЕТ | ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



БАЛА ҚАЙДА ҚЫДЫРАДЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕСІМІНДЕ ҚАНДАЙ СЫР БАР?

6-БЕТ | ҚОҒАМ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Заң қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну әркімнің өмір салтына айналуға тиіс.

№85
(4829)
Сейсенбі
22 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚЫМЫЗ – ҚҰДІРЕТТІ СУСЫН

Елорданың «Қазанат» атшабарында екі күн бойы өткен «BaiQymyz – бапталған қымыз» фестиваліне еліміздің түкпір-түкпірінен 30 тоннаға жуық қымыз әкелінді. Қазақтың ұлттық сусыны – қымызға арналған ауқымды іс-шараға 70 мыңнан аса қонақ жиналды.

8



КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ҰЛҒАЯДЫ

Биыл елімізде жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 трлн 98,6 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 678,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 1 трлн 419,9 млрд теңге қарастырылды.

«Жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 143529 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 95912 теңге, базалық зейнетақы – 47617 теңге» деп жазды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2025 жылғы 1 қаңтарда базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ҚР Ұлттық банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға оза отырып ұлғайды.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап 5 жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ына дейін, ең жоғары – 120%-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша еліміздегі зейнеткерлер саны – 2 млн 489 мың адам.

АЙБОТА – ЖҮЛДЕГЕР

Германияда өтіп жатқан XXXII Дүниежүзілік жазғы универсиадада Қазақстан намысын қорғаған астаналық спортшы қола жүлдегер атанды.

Көркем гимнастикадан сынға түскен елордалық Айбота Ертайқызы тапа жаттығуында үздік үштіктің қатарына енді. Бас жүлдені 18 дүркін Азия чемпионы Тахмина Икромова (Өзбекстан) жеңіп алса, күміс жүлдені бейтарап спортшы, әлем чемпионы Алина Харнаско иеленді. Жалпы универсиада ойындарында Қазақстан құрамасының қоржынына әзірге 5 қола медаль түсті.

Астана қаласының әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының бастамасымен 23 шілде күні Абайдың туғанына 180 жыл толуына орай «Өлең – сөздің патшасы» атты жыр кеші ұйымдастырылады.

«Жастар» театрында өтетін жыр кешіне елордада тұратын елімізге танымал ақындар өлең оқып, әсерлі әңгіме өрбітеді. Келем деушілерге есік ашық, кіру тегін. Жыр кеші сағат 17:00-де басталады.


Астана қаласының Көлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Сығанақ көшесіндегі жол төсеміне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетінін хабарлады.

«Жөндеу жұмысына байланысты мына көшелер 25 шілдеге дейін жабық болады әрі қозғалыс толығымен шектеледі: Қабанбай батыр даңғылынан Қазақ радиосына дейін; Қазақ радиосынан Сауран көшесіне дейін. Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс болдырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет» делінген хабарламада.

14-15 ТАМЫЗ

Елордада қазақ күресінен әскерилер арасындағы әлем чемпионаты өтеді. Халықаралық әскери спорт кеңесінің (CISM) қолдауымен өтетін әлем біріншілігіне 40 елдің спортшылары келеді деп күтілуде. Чемпионат Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде өтеді.

№85 (4829) 22/07/2025 Сейсенбі



БЕЛЬГИЯ ХАЛҚЫНА БАҚ-БЕРЕКЕ ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгия Короліне құттықтау жеделхатын жолдап, Ұлттық күнімен құттықтады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президенттің пікірінше, бұл айтулы күн Бельгия халқының ынтымақ-бірлігін, бай тарихын, егемендік пен демократия құндылықтарын берік ұстанатынын көрсетеді. Мемлекет басшысы Король Филиптің қызметіне табыс, ал Бельгия халқына бақ-береке тіледі.

ИНФЛЯЦИЯНЫ ТЕЖЕУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысын өткізді. Онда инфляцияны тежеу жөніндегі шаралар және елдің алдағы жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының параметрлері қаралды.

Ұлттық банктің мәліметінше, биылғы маусым айының қорытындысы бойынша инфляция жылдық мәнде 11,8%-ды құрады, бұл әлемдік нарықтардың тұрақсыздығы, тарифтік реформалар, тұтынушылық сұраныстың күшеюі және инфляциялық жорамалдар сынды бірқатар сыртқы және ішкі факторға байланысты болды. Бағаның өсуін тежеу мақсатында Үкімет Ұлттық банкпен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Ұлттық Банктің белсенді қатысуымен инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі қысқа әрі ұзақмерзімді қамтитын шаралар кешені қалыптасты. Құжат қараудың соңғы сатысында тұр және Үкіметтің жеке қаулысымен қабылданады. Негізгі бағыттардың қатарына ішкі өндірісті ұлғайту, тарифтік саясаттың болжамдылығын арттыру, базалық тауарларға бағаны тұрақтандыру және инфляциялық күтулерді төмендету жатады. Сондай-ақ отандық өндірісті қолдау, ішкі нарықты қанықтыру және сауда үстемелерін бақылау жалғасуда.

Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша жыл басынан бері 15% шекті сауда үстемесін асырғаны үшін 1847 әкімшілік қаулы шығарылған. Жауапкершілік күшейтілген – ескертулердің орнына айыппұлдар қарастырылған. Реттелетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері осы бағыт бойынша инфляцияға жиынтық үлес 0,5 пайыздық тармақшаны құраған. Жалпы 2023 жылы шаралар кешенін жүзеге асыру инфляциялық қысымды 4,16 пайыздық тармақшаға, 2024 жылы 2,3 пайыздық тармақшаға төмендетуге мүмкіндік бергені атап өтілді. Қазіргі уақытта шаралар кешені өзектендіріліп, 2026 жылға дейін ұзартылды.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, Қазақстан ӘМАТ бойынша бәсекелестік бағаны сақтап отыр: сиыр етінің құны ЕАЭО және Орталық Азия елдеріне қарағанда 30%-ға, картоп пен сәбіз 38%-ға, пияз 47%-ға, қырыққабат 50%-ға төмен. Осы жылдың басынан бастап нарықтық бағадан төмен бағамен 3 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарлары жәрмеңкесі өтті. Салалық одақтармен меморандумдарға қол қойылды, соның нәтижесінде жұмыртқа бағасы 8,7%-ға төмендеді. Маусымнан тыс уақытта бағаны тұрақтандыру үшін 30,3 мың жеткізіп беру келісімшарты жасалды. Қытайдан, Пәкістаннан және Өзбекстаннан бірнеше тонна ерте пісетін көкөністер жеткізілді. Өнімдерді, оның ішінде картопты, ұрғашы малды және бұқашықтарды елден әкетуге шектеулер енгізілді.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 4%-ға өсіп, 1,3 трлн теңгені құрағанын баяндады. Азық-түлік өндірісі 10,5%-ға өсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспары іске қосылды, 677 инвестициялық жоба, оның ішінде импортқа тәуелді тауарлар бойынша 289 жоба жүзеге асырылуда.

Бірқатар әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаның өсуі байқалып отыр. Олар – күнбағыс майы, сиыр еті, қой еті мен картоп. Күнбағыс майы бойынша нақты шаралар қабылдануда: 2024 жылы оның өндірісі 15%-ға ұлғайды, бұл ішкі қажеттіліктен екі есе көп. Биылғы 6 айда өндіріс көлемі 388 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 21,3%-ға артық. Қаңтар-наурыз айларында 294 мың тонна май экспортталды, осылайша өткен жылмен салыстырғанда ол 41%-ға өсті. Қазіргі уақытта елімізде жалпы қуаты 421 мың тонна болатын 5 ірі қайта өңдеу зауытының құрылысы жүруде.

Жиын соңында Премьер-министр Олжас Бектенов инфляцияға қарсы саясат жүйелі әрі тиімді болуы тиіс екенін атап өтті. Қабылданған шаралар бойынша Үкімет пен Ұлттық банк келісе отырып іс-қимыл жасау керектігінің маңызына баса назар аударылды.

«Инфляцияны төмендету міндеті өте маңызды және кешенді көзқарасты қажет етеді. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп қабылданған шараларды жүзеге асыруды жалғастыра бермек және мақсатты бағдарларға қол жеткізуге кезең-кезеңімен ұмтылады» деп атап өтті Олжас Бектенов.

ҚЫРҒЫЗСТАНМЕН ОДАҚТАСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕРЕҢДЕЙДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету туралы шартты ратификациялады деп хабарлады Ақорда.

«Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды» делінген хабарламада.

Бұған дейін сенатта Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық әріптестікті кеңейту туралы заң қаралған еді.

Шарт екіжақты байланысты одан әрі нығайтуға бағытталған және жоғарғы деңгейдегі кездесулер тетігін жетілдіруді, саясат пен қауіпсіздік саласындағы үйлестіруді күшейтуді, тұрақты түрде пікір алмасуды, өңірлік және халықаралық сипаттағы түйінді мәселелер бойынша ұстанымдарды келісуді көздейді.

Құжат тараптардың саяси, әскери, сауда-экономикалық, инвестициялық, ауыл шаруашылығы, транзиттік-көліктік, су-энергетикалық, ғылыми-техникалық, білім беру және мәдени-гуманитарлық салалармен қоса бірқатар басым салалардағы ынтымақтастықты кеңейту ниеттерін бекітеді.

Шартта қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылған. Тараптар терроризм, экстремизм, трансұлттық қылмыс, киберқылмыс және есірткінің заңсыз айналымы сияқты қазіргі заманғы қауіп-қатерлермен күресте өзара тығыз іс-қимылға дайын екенін білдіреді.

Құжат парламентаралық байланыстарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші арасындағы ынтымақтастық жөніндегі парламентаралық кеңес аясында дамытуды қолдауды көздейді.



ТҰЖЫРЫМДАМА ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

Елімізде ішкі саясат тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мәлім етті деп хабарлады Қазинформ.

– Дәл қазіргі уақытта бұл құжатты дайындау бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Бурабайда Ұлттық құрылтай өткеннен кейін, оның қорытындысы бойынша арнайы жиналыс өткізіп, сол жерде Ұлттық құрылтайда көтерілген әрбір бастаманы, Президенттің әрбір тапсырмасын жүзеге асыру бойынша арнайы жоспар қабылдадық. Ол бірнеше тармақтан тұрады. Әрбір бастама, тапсырманың орындалу мерзімін сол жерде бекітіп, жоспарлап қойдық. Сол құжатқа сәйкес, барлық тапсырманы тиісті жүзеге асыру жұмыстары жүріп жатыр, – деді Ерлан Қарин Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлына берген сұхбатында.

Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші аталған құжатты дайындауға сарапшылар тартылғанын айтты және оның себебін түсіндірді.

– Ең алдымен сарапшыларды тартып жатырмыз. Себебі ол – жан-жақты құжат. Оның ішіндегі әрбір қағидат пысықтауды талап етеді. Негізгі жобасын Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев, Марат Шибутов және тағы басқа әріптестеріміз, яғни Парламент депутаттарының қатысуымен дайындалған болатын. Ұлттық құрылтайда біздің әріптестер осындай құжат қабылдау керек екен деп жай ғана ой айтқан жоқ, сол құжатқа ену керек деген негізгі сұлбасын да дайындаған болатын. Кейінірек оны Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының сарапшыларымен бірлесіп отырып, әрі қарай пысықтап, формаға келтіріп, құжаттың негізгі нұсқасын ұсынғанбыз. Содан бері әрбір талқылаудан кейін құжаттың құрылымы, мазмұны кем дегенде 50 пайызға өзгерген шығар. Тіпті кейбір тарауларды мүлдем алып тастап немесе жаңа бір тарау, бөлімдерді енгіздік.

Негізінен, сарапшылар қауымдастығы және Ұлттық құрылтай мүшелері белсене қатысып жатыр. Ұлттық құрылтай мүшелері жеке тұлға ғана емес, әр тұлға – белгілі бір қауымдастық, белгілі бір топтың өкілі. Сондықтан бұл жерде әртүрлі бағыттағы, көзқарастағы азаматтардың ұсыныстарын ескеруге тырысып жатырмыз. Бұл құжат жан-жақты, мүмкіндігінше қоғамдағы, қазіргі уақытта орныққан саяси плюрализмге сәйкес, әртүрлі пікірдегі, әртүрлі көзқарастағы азаматтардың ойларын, ұсыныстары ескерілетін құжат болады деп ойлаймын, – дейді ол.

Одан әрі Ерлан Қарин ішкі саясат тұжырымдамасының мақсатын түсіндірді.

– Бұл құжат, кейбіреулер ойлап жүргендей, идеологияны жариялап, оны бекіту емес. Мен әлеуметтік желіде кейбір пікірлерді оқимын. Кейбір сарапшылар бұл құжатта ұлттық идеологияны жариялап, бекіту керегін айтады. Бұл құжаттың мақсаты елде белгілі бір саяси идеологияны ресми түрде бекіту деп түсінбеген жөн. Белгілі бір идеологияны, идеяны жарлықпен, өкіммен, заңмен бекіту мүмкін емес. Ол қоғамның, мемлекеттің, елдің дамуы барысында өзі айқындалады. Сондықтан бұл құжаттың мақсаты белгілі бір идеологияны, белгілі бір идеяны кабинетте ойлап тауып, жариялау емес. Құжаттың негізгі мақсаты – мемлекеттік ішкі саясаттағы жүргізіп жатқан жұмыстарды жүйелеу, – деп толықтырды Мемлекеттік кеңесші.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Netflix алғаш рет сериал түсіріліміне визуалды эффект жасау үшін жасанды интеллектті қолданды.

Компания басшылығының айтуынша, жасанды желі Аргентинаның ғылыми-фантастикалық жобасы – «Этернавт» сериалында ғимараттың құлау кадрын модельдеуге көмектескен. Бұл эпизодты 10 есе жылдам аяқтауға және шығынды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді. Бірақ сарапшылар мұндай бастама адамдарды киноиндустриядан ығыстыруы мүмкін деп алаңдайды.



Кореяда жұмысшы мамандарды мектеп кезінен даярлайды.

Оңтүстік Корея мектептерінде жұмысшы мамандарды даярлайтын арнайы бағдарлама бар. Жүйе, негізінен, өнеркәсіп, технология, құрылыс және басқа салалар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған. Оқушылар тек теориялық тұрғыда білім алып қоймай, тәжірибеден өтіп машықтанады. Осылайша көп мамандықтың ішінен әрқайсысы өз саласын тереңірек танып-біледі.



Жасанды интеллект сүйектің 3D үлгісін жасайды.

Қытай ғалымдары адам сүйегінің үлгісін жасауға қабілетті жасанды интеллект жүйесін әзірледі. Жаңа технология адамның аяқ-қолын 30 секунд ішінде 3D форматында кескіндеп береді. Бұл қайталанатын рентген сәулесін азайтуға және науқастарды зиянды сәуледен қорғауға мүмкіндік береді. Клиника сынақтары Гонконгтағы мемлекеттік ауруханаларда жыл соңына дейін басталады.

QOSYMSHA.KZ: ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елордада қосымша білім беру саласында маңызды бастама қолға алынды. Балаларға арналған ваучерлік қаржыландыру жүйесін әділ әрі ашық жүргізуге бағытталған qosymsha.kz жаңа цифрлық платформасын енгізу бойынша қанатқақты жоба іске қосылды. Осы жайында Астана қаласы коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев айтты.



Негізі, бұл – мемлекет есебінен үйірмелерге, спорт секцияларына және шығармашылық студияларға тегін қатысуға мүмкіндік беретін бұрынғы жүйені толық жаңғырту.

2021 жылдан бері Қазақстанда қосымша білім беруге арналған ваучерлік қаржыландыру жүйесі жүзеге асып келеді. Президент тапсырмасына сәйкес, бастама балаларға сабақтан тыс уақытта білім алуға тең мүмкіндік беру мақсатында енгізілген. Қағида қарапайым: мемлекет әр балаға бір үйірмеге қатысуына қаржы бөледі, ал ата-ана баласының қызығушылығы мен кестесіне сай бағытты өзі таңдайды.

«Биыл Астанада 25000-нан астам бала осы бағдарлама арқылы тегін қосымша біліммен қамтылған. Ел бойынша 500000-нан астам бала қамтылған. Алайда бұрынғы жүйені іске асыру кезінде ата-аналар тарапынан орынды алаң тудырған бірқатар кемшілік анықталды. Үш түрлі кезек: білім, спорт және мәдениет басқармаларының жеке кезегі жүйесіздік пен теңсіздікке әкелді. «Тіркелгені өтеді» қағидасы: әлеуметтік осал топтағы балалардың өтінімі кейінге ысырылып, ваучерлер бірінші тіркелгендерге берілді. Жүйелер біріктірілмеген: кей балалар екі ваучер алып, басқалары мүлде тыс қалды» деді басқарма басшысы.

Астана қаласының әкімдігі аталған олқылықтарды жою үшін e-orda инфрақұрылымына негізделген qosymsha.kz мемлекеттік цифрлық жүйесін енгізді. Жүйе қорғалған деректер орталығында орналасқан және үшінші тұлғалардан толық оқшауланған.

«Енді өтінім беру, ваучер бөлу және қатысуды бақылау «бір терезе» қағидатымен жүзеге асады – ашық және әділ түрде. Жаңа кезек тәртібі – басымдық әлеуметтік топтарға беріледі. Ең басты жаңалық – әлеуметтік жіктеу енгізілді. Өтінімдер енді берілген уақытына емес, баланың әлеуметтік мәртебесіне қарай сұрыпталады» деді спикер.

12 санат бекітілген, әрқайсысына бөлек коэффициент белгіленген.

«Ерекше білімді қажет ететін балалар – коэффициент 5. АСП алатын отбасылардағы, мүгедек ата-анасы бар, жетім балалар – коэффициент 3-4. Көпбалалы отбасындағы балалар – коэффициент 2. 4-18 жас аралығындағы басқа балалар – коэффициент 1. Осылайша, көпбалалы немесе әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы бала өтінімді кейінірек берген күнінің өзінде ол жалпы тізімде өзгелермен салыстырғанда жоғары орынға көтеріледі. Бұл «кім бірінші батырманы басса – соған беріледі» деген жарысты болдырмай, шынайы тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді» деді Қ.Сенғазыев.

Бұдан былай ваучер нақты бір үйірмеге емес, тікелей балаға беріледі. Бұл ата-аналар ваучер алған соң өздері баласына жасына, қызығушылығына және кестесіне сай үйірмені еркін таңдай алады дегенді білдіреді. Мұндай тәсіл жүйені анағұрлым икемді етіп, отбасылардың мүддесіне бейімдейді. Тегін қосымша білім беру құқығын пайдалану үшін qosymsha.kz сайтына тіркеліп, ата-ана мен баланың ЖСН-ін көрсету, деректердің дұрыстығын растау қажет. Мемлекеттік қаржыландыруды жалғастыру үшін ай сайын «жеке кабинетке» кіріп, баланың үйірмеге қатысуын растау маңызды. Егер бала қазірдің өзінде қандай да бір үйірмеге барып жүрсе, сол ұйымға барып, оның дерегін жүйеге енгізуді сұрау қажет. Өтінімді тек Астана қаласында тіркелген (тұрақты немесе уақытша) отбасылар ғана бере алады.

ӨЗ ҚОҚЫСЫН ӨЗІНЕ ЖЕТКІЗДІ

Бас қалада заңсыз қоқыс тастауға бақылау күшейді. Осы жылы 5 ауданда 45 мың тоннаға жуық қалдық жойылды. Дегенмен ахуал әлі толық өзгермей отыр. Мәселе – Ұлы дала мен Тұран даңғылдарының қиылысындағы қоқыс алаңы. Бір топ белсенді елордалық жастар осы мәселеге назар аударды.



8,6 гектарға дейін созылған және спутниктен де көрінетін қоқыс алаңы ұзақ уақыт бойы құрылыс компаниясының тарапынан назарсыз қалған. Бірнеше ай бойы белсенділер рейд өткізіп, бейнежазбаға түсіріп, қоқысты осы аумаққа тасымалдаған КАМАЗ көліктерінің жүргізушілерімен сөйлесті және жергілікті тұрғындармен әңгімелесіп, жағдайды құжатқа тіркеп отырды.

Аталған аумақ үшін жауапкершілік «Нұр Астана Құрылыс» компаниясының мойнында. Белсенділер компанияның ұстанымы мен жауапкершілігін еске салуды ұйғарды. Бірнеше қатысушы рұқсат етілмеген қоқыс алаңынан шыққан қалдықтарды компания кеңсесіне жеткізді.

Қоқыс велосипедпен, «NAK-тың қоқысы – NAK кеңсесіне. Өз қоқыс алаңдарыңды өздерің тазалаңдар!» деген үндеуі бар безендірілген сөмкелермен жеткізілді. Осы әрекет арқылы белсенділер мәселені елемеу оның тікелей өзіне оралуына әкелетінін көрсетті. Қалаға деген құрмет өз әрекетінің салдары үшін жауапкершілік алудан басталады.

Қоқысты жеткізу барысында және «Нұр Астана Құрылыс» холдингінің басқарушысы Серікжан Мұхтаровпен сөйлесу кезінде белсенділерді құқық қорғау органдарының қызметкерлері мән-жайды анықтау үшін ұстады. Соған қарамастан, белсенділер қоғамның ұстанымын жеткізіп, компаниядан нақты жауап алды, қоқыс алаңын жою 2025 жылдың қазанына жоспарланды.

Қазақ тілді робот аутизмді емдейді.

Астанадағы Назарбаев университетінің инженері Анар Сандығұлова аутизмі бар балаларды жасанды интеллектке негізделген робот терапиясы арқылы оңалту әдістемесін әзірлеген. Еңбегіне авторлық құқық рәсімдеп те үлгеріпті. Енді АҚШ пен Еуроодақтан патент алмақшы. «Қамқорлық» корпоративтік қоры 7 қаладағы аутизм ерекшелігі бар балаларды оңалтатын 7 орталыққа 14 робот сатып әперген.



Чехия президенті Петр Павел Қылмыстық кодекске енгізілген түзетуге қол қойды.

Ол коммунистік идеологияны насихаттауды нацистік насихатпен бірдей деңгейде қылмыс санайды. Жаңартылған заңға сәйкес, нацистік, коммунистік немесе басқа да адам құқығы мен бостандығын бұғаттауға, этникалық, ұлттық, діни немесе таптық өшпенділікті қоздыруға бағытталған қозғалыстарды құрып, қолдап, насихаттағаны үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Бас қаланың Нұра ауданында алғаш рет электрсамокаттарға арналған мамандандырылған тұрақтар пайда болды. Осы ретте Астанада бірнеше ірі кикшеринг қызметі жұмыс істейді.

САМОКАТ ТҰРАҒЫ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР?

Электрсамокаттардың жалпы саны компаниялар бойынша мынадай: Whoosh – 3400; JET – 2600; Яндекс Go – 1600 самокат. Q88 қауымдастығы атқарушы директорының орынбасары Жанат Чүкеевтің айтуынша, жоба азаматтардың көптеген шағымынан соң қолға алынды. Тротуар мен жол бойына тасталған самокаттар жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілерінің қозғалысына кедергі келтіріп қана қоймай, апатқа себеп болып жатыр.

Қанатқақты жоба аясында Нұра ауданында самокат ең көп шоғырланған 10 нүкте таңдалды. Негізінен, олар сауда орталықтары, қоғамдық саябақтар мен жаяу жүргіншілер көп жүретін аумақтардың маңын қамтыды.

– Аудан әкімдігі және кикшеринг компанияларымен бірлесіп адам жиі жүретін жерлерде арнайы жол белгілері мен тұрақ аймағын білдіретін сызбалар орнатылды. Енді сапарды тек белгіленген орында ғана аяқтауға болады, – деп түсіндірді Жанат Чүкеев.

Бұған дейін самокатты тек қосымшада белгіленген «виртуалды аймақтарға» қоюға болатын. Алайда GPS жүйесі дәл бола бермейді де, пайдаланушы самокатты тротуардың қақ ортасына немесе ғимараттың алдына тастап кетсе де, картада дұрыс тұрақталған болып көрінеді. Енді бақылау iKomek қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы, аудандық әкімдік, Астана қаласының жол полициясы және кикшеринг компанияларымен бірлесіп жүзеге асады.



ҚОЗҒАЛЫС ТӘРТІБІН РЕТТЕЙДІ

Астанада 21-23 шілде аралығында «Тасымалдаушы» жедел-алдын алу іс-шарасы өтуде. Ол жүргізушілер арасындағы көлік тәртібін арттыру, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолаушыларды тасымалдауды бақылауды күшейту, сондай-ақ жолаушылар мен жүк тасымалының заңсыз фактілерін анықтау мақсатында ұйымдастырылған.

Осы күндері автожолдарда полиция жасағы мен мобильді топтардың саны көбейді. Өткен демалыс күндері полицейлер мопедтерге қатысты екі құқық бұзушылықты тіркеді. Атап айтқанда, тәртіп сақшылары «БАС» маркалы мопедті басқарған 19 жастағы азаматты ұстады. Ол мопедтің құрылымын, нақтырақ айтқанда, шығару жүйесін өздігінен өзгерткен. Бұл – ҚР ӘҚБтК-нің 590-бабы 7-бөлігіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық. Сот шешімімен жас жігітке 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды. Сондай-ақ полицейлер мас күйінде көлік басқарған 50 жастағы ер адамды ұстады. Медициналық куәландыру оның мас екенін растады. Бұл әрекеті арқылы ол жол қозғалысы ережелерін бұзған. Аталған азаматқа қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды. Сот шешімімен ол 15 тәулікке қамауға алынып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылды.

Жыл басынан бері жол ережесін бұзудың 1400-ден астам дерегі тіркелсе, олардың ішінде 400-ден астам көлік айыптұраққа қойылған. «Заң және тәртіп» қағидаты – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында ішкі істер органдары қызметінің басты ұстанымы. Құқық бұзушылар заң алдында міндетті түрде жауап береді.



№85 (4829) 22/07/2025 Сейсенбі

Жаз – қызу жұмыс кезеңі. Астанада аулалар жаңарып, саябақтар мен скверлер көркеюде. Жол жөндеу жұмыстары да қарқын алды. Елорда тұрғындарының жайлылығы үшін барлық 6 ауданда осындай жұмыстар жүйелі, жоспарлы және үздіксіз түрде жүргізіліп келеді.



Сұлтан СЕЙІТ

КӨШЕЛЕР КӨРКЕЙІП, АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

АЛМАТЫ АУДАНЫНДА

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының алдындағы алаң заманауи әрі жайлы қоғамдық кеңістікке айналуда. Қазір бұл маңда гранит пен жиектас төсеу, фонтанды жөндеу-қалпына келтіру, шағын сәулет нысандарын (орындықтар мен қоқыс жәшіктері) орнату, кабель жүргізу және сыртқы жарықтандыру бағаналарын орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қ.Жалаири, «Лайнер» дүкенінің артындағы, Қ.Сәтпаев көшесі, 3/1 мекенжайындағы, Ғ.Мұстафин көшесі, 7/1 және 7/2 үйлерінің арасындағы, Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев, И.Панфилов, «Шекара қызметі», Шарль де Голль ескерткіштері жанындағы скверлерде жаңа орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылып, бұрынғылары жөнделді. Жарықтандыру жүйесі ретке келтіріліп, кешкі уақытта қоғамдық кеңістіктер анағұрлым жарық әрі қауіпсіз бола түсті. Күйші Дина көшесіндегі №40, 44/2, Манас көшесіндегі №20/1, 20/2 үйлердің ауласы абаттандырылып, Ш.Құдайбердіұлы даңғылы, 24 мекенжайындағы тағы бір аула тұрғындар игілігіне берілді. «3 гектар» тұрғын үй кешені мен «Ақ мешіт» мешіті арасындағы бос жатқан аумақта жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. Бос жатқан аумақтың орнына ағаштар мен көпжылдық бұталар отырғызылып, жарық шамдары, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды. Жаңа қоғамдық кеңістікте спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған: баскетбол мен волейбол ойнауға арналған спорт алаңы, футбол алаңы және воркаут аймағы салынды. Сондай-ақ тыныш демалуға арналған арнайы орындар да қарастырылған. Жыл басынан бері аудан бойынша, соның ішінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 22 аула абаттандырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда, ай соңына дейін тағы бірнеше аула жаңартылып, пайдалануға беріледі.

БАЙҚОҢЫР АУДАНЫНДА

Шаһар келбетін жақсарту мақсатында Байқоңыр ауданында абаттандыру жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Елорда күніне орай аудан аумағындағы Кенесары көшесінің №42, 44 және 46 үйлеріне ортақ жаңа аула абаттандырылды. Жалпы аумағы 6000 шаршы метрді құрайтын ауланы абаттандыру барысында 4000 шаршы метрден аса кеспетас, 410 шаршы метр тартан жабынды және 250 шаршы метр жасанды көгал төселді. Сонымен қатар 100 велосипедке арналған 10 тұрақ орны, балалар мен спорт алаңдары, футбол алаңы, демалыс аймақтары және гүлдермен көмкерілген сәндік қабырғалар орнатылып, ауланың келбеті жаңаша сипат алды. Аталған аула «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындардың бастамасы негізінде жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысының бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында коммуналдық сала өкілдеріне құрмет көрсету және олардың күнделікті еңбегіне алғыс білдіру ниетімен Абай даңғылы бойында жаңа қоғамдық кеңістік – «Коммуналдық қызметкерлер» гүлзары ашылды. Жалпы ауданы 1,8 гектар аумақты құрайтын гүлзар А.Жұбанов көшесінен А.Пушкин көшесіне дейінгі аумақты қамтиды. Абаттандыру жұмыстары аясында 3500 шаршы метр аумақта кеспетас және 2000 шаршы метр асфальт жабыны төселді. Бұдан бөлек, 100 көлікке арналған автотұрақ орны жайластырылды. Сонымен қатар кешенді абаттандыру барысында балалар мен ересектерге арналған ойын және спорт алаңдары жабдықталды.



Ағымдағы жылы ауданда 88 аула аумағы жөнделіп, қайта қалпына келтірілді. Оның 70-інде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе, 18-і кешенді абаттандырылды. Сонымен бірге 8 гүлзар мен қоғамдық кеңістік жайластырылды. «Ататүрік» саябағы маңындағы жаңа жаяу жүргіншілер жолдары, тынығуға арналған орындар және көгалдандыру шешімдері қарастырылған. Бүгінгі таңда ауданның орталық бөлігіндегі Абай даңғылы, 92/1 мекенжайында орналасқан «Эгалите» тұрғын үй кешені аумағындағы ескі, заңсыз салынған жеке тұрғын үй сүрілуде. Бұл мәселе осыған дейін көп жылдан бері шешімін таппай, тұрғындар үшін аса өзекті болып келді. Сүру жұмыстарынан кейін бұл аумақта кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Ескі заңсыз үйдің орнына автотұрақ аумағы жайластырылады және балалар ойын алаңы кеңейеді.

Реновация бағдарламасы аясында ұзақ жылдар бойы тозығы жеткен, ескірген үйлердің орнына заманауи әрі қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру жұмыстары қарқынды жалғасуда. «Тұлпар» сауда орталығының артында орналасқан ескі үйлерге кин көшесі, 15 мекенжайында орналасқан, халық арасында «Китайская стена» атауымен танымал тұрғын үй аумағында автотұрақ алаңы абаттандырылды. Аталған көпқабатты тұрғын үй – аталмыш ауданда ең ірі кешендердің бірі. Осыған байланысты көлік қою мәселесі көптен бері өзекті болып келген еді. Жүргізілген абаттандыру жұмыстарының нәтижесінде 70 көлікке арналған автотұрақ қатысты алғашқы қадам жасалып, BI Group компаниясы бұл аумақта реновация жобасын жүзеге асыру үшін өз жұмысын бастауға кірісті. Аталған компанияның жобасы жалпы көлемі 6,5 гектар аумақты қамтиды. Бұл аумақта орналасқан 122 үй мен құрылыс нысанын бұзу және олардың орнына жаңа нысандар салу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта аталған компания тұрғындармен бірлесе отырып, сүру және құрылыс жұмыстарының нақты жоспарын іске асырады. Сондай-ақ А.Пушкин көшесі, 15 мекенжайында орналасқан, халық арасында «Китайская стена» атауымен танымал тұрғын үй аумағында автотұрақ алаңы абаттандырылды. Аталған көпқабатты тұрғын үй – аталмыш ауданда ең ірі кешендердің бірі. Осыған байланысты көлік қою мәселесі көптен бері өзекті болып келген еді. Жүргізілген абаттандыру жұмыстарының нәтижесінде 70 көлікке арналған автотұрақ алаңы жаңадан жайластырылды. Бұл тұрғындардың күнделікті өміріне едәуір қолайлы жағдай жасап, аула аумағындағы көлік қозғалысын реттеуге септігін тигізеді.

САРЫАРҚА АУДАНЫНДА

Ауданды одан әрі жайлы, таза әрі қауіпсіз ету жолындағы жүйелі жұмыстар жалғасуда. Тарихи маңызы бар қоғамдық кеңістіктер жаңартылып, жаңа келбетке ие болды. Солардың бірі – Е.Рахмадиев атындағы филармония алдындағы алаң. Оның аумағында жаяу жүргіншілерге арналған жолдар толық жаңартылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған тактильді плиталар төселді, кедергісіз орта элементтері қарастырылған. Сондай-ақ заманауи көше жиһаздары орнатылып, классикалық стильдегі шойын шамдар алаңның келбетін айшықтай түсті. Алтынемел және Гёте көшелерінің қиылысында, бұрын сүрілген тұрғын үйдің орнында 2000 шаршы метрден астам аумақты алып жатқан жаңа қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Аталған аумақта заманауи балалар алаңы орнатылып, қауіпсіздікке ерекше мән берілді. Сонымен қатар отбасы демалысына арналған көлеңкелі орындар мен орындықтар жайластырылды. Көгалдандыру жұмыстарына ерекше назар аударылып, 1500-ден астам жасыл желек, оның ішінде 50-ден астам ағаш (шырша, үйеңкі, қарақат ағашы және т. б.) отырғызылды, көпжылдық гүлдер егілді. Кешкі уақыттағы жарық пен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін классикалық үлгідегі шойын көше шамдары орнатылды. Н.Тілендиев даңғылының Көктал көшесінен Оңтүстік-батыс айналма көпіріне дейінгі аралықтағы бөлгіш жолағына 614-тен астам кең жапырақты шетен ағашы отырғызылды. Республика даңғылы, 7/1 үйде заманауи талаптарға сай абаттандырылған жаңа қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді.

Құрылыс маусымы басталғалы бері ауданда 22 аула жаңғыртылды. Солардың бірі – М.Әуезов көшесіндегі №26 үйдің маңындағы аула «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асты. С.Сейфуллин көшесі, 2, 4/2, 5, 6, 7, 8, 9 және 10 мекенжайларындағы 8 тұрғын үйдің қасбетін сәндік жарықтандыру жұмыстары аяқталды. Жылы түсті заманауи жарық ғимараттардың сәулеттік ерекшелігін айшықтап, ауданға жайлылық пен үйлесім сыйлады. Осындай жұмыстар Ш.Қосшығұлұлы көшесіндегі тұрғын үйлерде де жүргізіледі деп жоспарлануда. Әл-Фараби даңғылы, 29 («Comfort Town» ТК) және Мәңгілік ел даңғылы, 22 («Астана жұлдызы» ТК) мекенжайларында екі жаңартылған аула ашылды.

НҰРА АУДАНЫНДА

Ә.Өмірзақова көшесінде, «Grand Turan Avenue» және «Кәмшат» тұрғын үй кешендерінің маңында, сондай-ақ Михай Эминеску атындағы сквер аумағында тротуарларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Алдымен жаяу жүргіншілер ағыны көп және жабындысы тозған учаскелер жаңартылуда. Тұран даңғылы бойында орналасқан диаметрі 1000 мм болатын магистралды нөсер коллекторы «Camel» арнайы техникасымен тазартылып, «Самұрық Towers» тұрғын үй кешенінің жанында жаңа қоғамдық кеңістік абаттандырылуда. Мұнда заманауи балалар ойын, спорт алаңы және демалуға арналған орындар орнатылады. Сондай-ақ аумаққа сирень бұталары егіледі. Көктемде олардың хош иісі мен гүлденуі демалыс аумағына ерекше өң береді. Жаңа орын барлық жастағы тұрғындар үшін тартымды демалыс аймағына айналмақ. Мұнда балалармен серуендеуге, спортпен шұғылдануға немесе таза ауада тынығуға болады. Жұмыстар шілде айының соңына дейін аяқталады деп жоспарланған.



САРАЙШЫҚ АУДАНЫНДА

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдарына асфальт төселіп, аулалар жаңартылуда. «HighVill Astana» тұрғын үй кешенінің айналасында 6000 м² тас төсемесі төселіп, 1,3 км веложол салынды. 70-ке жуық автокөлік тұрағы жайластырылып, абаттандырылуы аяқталған бөлікте ағаштар мен гүлдер отырғызылды. А.Байтұрсынов – Р.Қошқарбаев – Тәуелсіздік көшелері қиылысындағы жаяужолда тас төсеме жаңартылып, барлығы 500 м² аумақтың тас төсемесі ауыстырылды. «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында биыл аудандағы Р.Қошқарбаев даңғылы, 15, 34, 68, А.Бөлекпаев көшесі, 4, Шалкөде көшесі, 9 мекенжайларында аулалар абаттандырылды. «Халық қатысатын бюджет» бойынша «Отан», «Аксиома», «Гранд Астана» үйлерінде жөндеу-қалпына келтіру, шағын сәулет формаларын жөндеу, жасанды көгал төсеу, футбол алаңын бояу және тас төсемесін салу жұмыстары жүргізілді. Құрылыс-монтаж жұмыстары жоспар бойынша биыл тамыз айының соңында аяқталады.



Оңалхан ӨНЕРХАН

№85 (4829) 22/07/2025 Сейсенбі

БАС ҚАЛАДА БАЛА ҚАЙДА ҚЫДЫРАДЫ?



Жаз келіп, каникул басталысымен, Астанаға ауылдардан ағылатын қонақтар көбейеді. Жалпы биыл елордаға 1,7 млн ішкі және сыртқы туристер келеді деп болжанса, соның аз бөлігі шетелдіктер, қалғанын өзіміздің азаматтар құрайды. Астана туризміне үлес қосатындардың бір бөлігі – әсем қаланы көруге құштар балалар.

Райхан РАХМЕТОВА

«БӘЙТЕРЕКТЕН» БАСТАЙДЫ

Астанаға келген қонақтардың бірінші баратыны – елорданың символы «Бәйтерек» монументі. Қаланы 97 метр биіктіктен көріп, зәулім ғимараттарды тамашалағысы келетін ағайынды жетектеп, монумент алдында әсіресе жазда көбейетін ұзын-сонар кезекке тұрасың. Кіру бағасы жалпы халыққа 2500 теңге тұрады. Ал 6-15 жас аралығындағы балаларға 1250 теңге, зейнеткерлерге 2000 теңге. Топтық билеттер бойынша 10 адамнан бастап ересектерге 2000, балаларға 1000, ал жеңілдікпен 1700 теңгеден сатылады. Көпбалалы аналар мен I, II-топ мүгедектері тегін кіреді. Жалпы «Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады. Туристердің ең қызығатыны – «Аялы алақан» композициясы. Осы алақанға алақанын қойып, фотоға түсу – басты мақсат. Сол сәтте ішінен тілек тілейтіндер де бар. Ғаламат шардың панорамалық залынан Астананың кешегі және бүгінгі сәулеті – «ескі» және «жаңа» көрінісін тамашалауға болады. Сыртында да суретке түсіп жүргендер өте көп. «Секіріп ойнайтын жері жоқ, несі қызық?» деп балалар ғана көңілсіздеу шыққаны болмаса, үлкендер Бәйтерекке мінгенін мақтаныш етіп мәз болады.

AILAND БАҒАСЫ БАҒАМДЫ МА?

«Басқа жақта тау бар, Астанада не бар?» деп сұрайтын қонақтарға елордада Ailand отбасылық демалыс орталығы бар деп мақтанасың. Оның ішінде ТМД бойынша тұңғыш ашылған мұхитарал да бар деп қосасың. Су қоры 3 млн литрге жететін мұхитаралда теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрі мекен етеді. Бұл қызықты көргісі келетін 3-13 жас аралығындағы балалар 3800 теңгеге, үлкендер 4800 теңгеге билет алуы керек. Оның ішінде дүйсенбіден басқа күндері акулаға тамақ беруге, су перісінің шоуын тамашалауға, балықтарды жемдеуге болады. Балық жемдеу 1600 теңге тұрады. Одан басқа бұл орталықта аквапарк, экотариум, балаларға арналған шоу театры, Дужнгли, сыртында шолу шеңберінен бастап, 10 шақты аттракцион түрі бар. Шолу шеңберінде бір айналу құны – 3400 теңге. Мұнда да көпбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға және зейнеткерлерге 50 пайыз жеңілдік қарастырылған. Әдетте алыстан Астана деп қыдырып келгенде, бір көруге тұрады деп ел ақшасын аямайды.

«АТАМЕКЕН» КАРТАСЫ ҚАЙДА КЕТТІ?

Келетін қонақтар түгілі астаналықтардың көбі біле бермейтін, ашық аспан астындағы «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені танымдық жағынан қызықты орын болатын. Қазақстанның қай жерінде қандай тау, теңіз, ескерткіш болса, соның бәрін сыйғызған кешенге кіру бағасы да арзан еді. Соның бабы болмады ма, әлде адам аз барғасын ұстап тұруға қаржысы жетпеді ме, соңғы жылдары ашылмай қалды. Қазақ жерінің табиғи-климаттық аймақтары, ландшафт, сәулетті көркем ғимараттары мен көлік жолдарын көруге болатын кешеннің ендігі тағдыры не болатыны белгісіз.

2017 жылы ашылған ЭКСПО шары, яғни «Нұр әлем» көрмесі де келген қонақтардың қызықтайтын жері болған. Ол да өз миссиясын орындап бітті ме, әйтеуір былтырдан бері жабылып, орнына басқа мекеме ашылатын болды. Ішінде қойылған заттары жер, су, күн, жел және басқа ғарыштық құбылыстарға арналған көрменің қызығы 7 жылға жетті.

МУЗЕЙЛЕР ЖАЗДА ТЕГІН

Биыл Астанадағы барлық музей балаларды тегін кіргізуде. Әсіресе, Ұлттық музейдің ішінде ежелгі тарихтан бастап бүгінге дейінгі кезеңдерді бейнелейтін қызықты жәдігерлер көп. Бәрін асықпай тамашалап аралағанда, 2 сағатта баланың танымы мен білімі де артып шығады. Алайда қалада көбі осы Ұлттық музейге ғана барады да, басқа шағын музейлерді аса біле қоймайды немесе баруға құлықты емес. Театрлар да жазда кезекті маусымын жауып, қазан айына дейін демалысқа кетеді. Одан қалды ерекше сәулетімен тартымды мешіттерге ата-аналар балаларымен бірге барып, ішін көрсетіп, уағыз тыңдап қайтады.

САЯБАҚ ТОЛЫ АДАМДАР

Астанадағы халық көп баратын ең танымал және үлкен саябақтарға Орталық қалалық саябақ, Ботаникалық бақ, Жетісу, Ататүрік, Жеруйық, Триатлон, Президенттік саябақтары жатады. Олардың ішінде сан алуан балалар алаңдары, аттракциондардың түр-түрі болады. Дегенмен бағалары да қымбат. Судағы үрілген шардың ортасында тұрып 5 минут айналу 1500 теңге, батутта 15 минут ойнау 1500 теңге, басқа да сондай түрлі ойын аттракциондарда ойнау уақыты тым аз болғанымен, соған алатын ақысы көптеу.

Триатлон саябағындағы дөңестен төмен шар шеңбермен 5 рет сырғанау 2000 теңге тұрады. Бір емес, бірнеше баламен барсаңыз, олар тек бір аттракционмен шектеліп қалмай, бәрін көргісі келеді. Оған қоса мұндай жердегі балмұздақтардың, тамақтардың да, көпіршік шығаратын ойыншықтардың да бағасы базар түгілі қаладағы кәдімгі қалыпты дүкендерден қымбаттырақ болады. Күн ыстықта бала жиі шөлдейді, бұл саябақтардағы 1 бөтелке судың да құны біраз көтеріңкі. Сондықтан суды үйден толтырып құйып, арқалап шығуыңыз керек. Бизнестің көзін тапқандар әрине Астананың тез өтетін қысқа жазын барынша пайдаланып, көбірек ақша тауып қалуды ойлайды. Бірақ балаларын ертіп барғасын, көзін жәутеңдетпейін деп сұрағанын алып беріп, қайтарда қалтасын сипап қайтатын қарапайым халықтың жағдайын ешкім ойламайды. Тағы бір айта кетерлігі – саябақтардағы тегін ойнайтын жабдықтардың бастапқыда ғана бүтін болып, көп уақыт өтпей сынып, бүлініп қалатыны. Осындайда адамдардың мәдениетінің төмендігіне қарның ашады.

ХАНШАТЫР ЖӘНЕ САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫ

Астанадағы ерекше сәулетті құрылыстардың бірі – «Хан шатыр» сауда орталығы да қонақтар үшін аңыз болған, ауылдағы ағайынға алыстан аты таныс нысан. Бірақ оның да жай сауда дүкендері мен ойын алаңдарынан тұратын ғимарат екенін көбі бір кіріп шыққан соң ғана біліп жатады. Бұл жерден түрлі жеңілдіктермен сәнді киімдер мен сыйлықтар алып, қонақтарды қуантуға болады. Жоғарғы қабатында ерекше аттракциондар мен бассейндер бар. Олардың бағасы да «ерекше». Басқа да сауда орталықтарындағы жағдай осындай. Бұл орталықтарда елдің көп баратыны әрине – кинотеатрлар. Қай жақтан келсе де, өз қаласында кинотеатрға барып жүрген балалар бұған аса таңқалмаса да, Астананың киносын елорданың бургері мен попкорнының дәмін татып отырып, көріп кетуді жөн санайды.

АСТАНАҒА DISNEYLAND КЕРЕК-АҚ

Қысқасы, Астанада қыдыратын жер елдің бәрі салыстыратын Алматыдан аз болса да бар. Бағасы да баршылық, тек жеңілдіктерін байқап, бағамдап қарап отырып, төмен бағамен серуендеуге болады. Көрші Өзбекстан Диснейлендін салып тастады. Елордада да жаңа туристік кешен салынады деп жатыр. Бірақ ол Disneyland емес. Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаевтың айтуынша, бұл – құрамында үлкен ойын-сауық паркі бар жоба. Аталған кешен «Барыс Арена» мұз сарайының маңында орналасады. Ол жерде тек ойын-сауық орталығы ғана емес, үлкен сауда орталығы мен халықаралық деңгейдегі қонақүйді қамтитын ауқымды кешен болады. Жобаға шетелдік инвестор қаржы құйып отыр екен. Әзірге елордаға қыдырып келген балаларды апаратын орындардың негізгілері – осылар. Астана кішкентай туристерін де таңқалдыруы үшін әлі талай жұмыстар жүргізу керек.

ЖАЙЫЛЫМҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫ ҚАШАН ЖОЯМЫЗ?!

> «AMANAT» партиясының бастамасымен «Жер аманаты» жобасы аясында 2022 жылдан бері пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы он миллион сегіз жүз мың (10,8 млн) гектардан астам жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның үш миллион (3 млн) гектарға жуығы қазірдің өзінде азаматтар арасында қайта бөлінді.

2024 жылы Түркістан облысында пайдаланылмай жатқан жетпіс мың тоғыз жүз (70,9 мың) гектар ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылды. Алайда, осы шаралардан кейін де бұл өңірде жайылым тапшылығы шешілмеген күйінде қалып отыр. Облыстағы жайылымдардың жалпы көлемі сегіз миллион сегіз жүз мың (8,8 млн) гектардан асады, бірақ, олардың едәуір бөлігі басқа мақсатта пайдаланылады. Кең жайылымдардың болуына қарамастан, оларды бөлу және оларға жергілікті халықтың қолжетімділігі шектеулі. Бұл ауылдық жерлерде әлеуметтік шиеленісті тудыратын өзекті мәселеге айналды.

Тапшылықтың негізгі себептері – жайылымдық жерлерді заңсыз жекешелендіру және жеке тұлғалардың жерді мақсатсыз теріс пайдалануы, жайылымдық жерлерді демалыс аймағына айналдыруы.

2025 жылдың басындағы жағдай бойынша Түркістан облысының мал басының өндірістік көрсеткіштері:

– ірі қара мал – бір миллион бір жүз мың (1,1 млн);

– қой мен ешкі – бес миллион бес жүз мың (5,5 млн);

– жылқы – төрт жүз сексен төрт мың (484 мың);

– түйе – қырық төрт мың бес жүз (44,5 мың) бас.



Қазақстаннан экспортталған сиыр етінің сексен (80) пайызы, қой етінің жетпіс бес (75) пайызы осы өңірден келеді және Қазақстан экономикасына қосқан елеулі үлесін көрсетеді. 2025 жылы Қазақстанда 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет бағасы айтарлықтай өсті. Ет одағы ет бағасының өсуін мал басының жиырма бес (25) пайызға қысқарумен байланыстырып отыр. Өңірлердегі өзекті болып отырған жайылым мәселесі шешілмей, мал басын көбейту мүмкін емес.

Осы орайда, Үкіметке жайылымдық жерлердің тапшылығын барынша азайту үшін:

1. ғарыштық мониторинг әдістері мен ұшқышсыз бақылау мәліметтерін пайдалана отырып, Қазақстандағы жайылымдардың мақсатты пайдаланылуын анықтау және жайылымдардың цифрлық картасын жасау арқылы меншік иелерін, жалға алушыларды және пайдалануды картаға түсіру;

2. пайдаланылмайтын немесе заңсыз басып алынған аумақтар анықталған жағдайда жалдау шарттарын мерзімінен бұрын бұзу және мемлекет меншігіне қайтару тәртібін оңайлатуды, яғни, оңайтылған сот тәртібімен немесе сотқа дейінгі шешіммен қарастыру;

3. жергілікті тұрғындардың мемлекетке қайтарылған жайылымдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін басымдық ұсақ фермерлерге, мал өсірушілер мен кооперативтерге беру шараларын қарастыруларыңызды сұраймын.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Мәжіліс депутаты

№85 (4829) 22/07/2025 Сейсенбі

Бүкіл қазақ құрметпен еске алатын Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың есіміне байланысты аңыз көп, архив дерегі де баршылық. Әдетте, ұлы адамдарға байланысты деректі әркім өзіне қажетті, ыңғайлы түрде көшіріп қолданады да, кейде сол үзінділер түсініксіз болып қалады, түсінікті болған күннің өзінде қандай жағдайда жазылғаны, сөз болып отырған оқиғадан алатын орны дұдамал болады. Екінші бір есте болатын нәрсе – сақталған, пайдалануға ыңғайлы құжаттардың кейбіреуінің түпнұсқасы орысша. Орысша болғанда да сол XVIII ғасырдың орысшасы, демек, сол заманның жазуын, стилистикасын, синтаксисін білуің керек.



ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ЕСІМІНДЕ ҚАНДАЙ СЫР БАР?

Олай болса, сол деректерді пайдаланған авторлардың аудармасы ғылым талаптарын қанағаттандырмауы, материалдың деректік құны ортайып қалуы мүмкін. Бұлар тарихпен, көне құжаттармен айналысқандарға мәлім. Сондықтан кейбір әріптестерім маған «жиендік» жасаудан тайынбайды. Менің қазақшалаған мәтінімді пайдаланып, орысша түпнұсқаның сілтемесін көрсете береді. Оларды байқасам да, наразылық білдірмеймін, тарихқа адал дерек қосылса болды. Мен өзімнің төл аудармамды дұрыс және түсінікті санаймын, себебі көне орыс жазбасы мен тілін меңгеріп, жаттыққанмын. Тарихи құжаттар менің «Қазақтың ханы – Абылай» деген екі томдық еңбегіме, «Абылай хан тарихы» деген үш томдығыма да енген. Деректемелік сараптамадан өткен, түсініктері бар. Құжаттардағы мағлұматтың ақиқаттығына күмән келтіруге негіз жоқ деп санаймын. Олардың алғаш қағазға түскендегі жағдайына кепілдік бере алмасам да, түпнұсқадан орысшаға аударылуының адалдығына сендіремін. Ал архивте сақталған нұсқасынан мына қазақшасының стильдік жағынан болмаса, мазмұны жағынан айырмасы, ауытқуы жоқ екеніне өзім зерттеуші ретінде, автор ретінде кепілмін. Әрбір құжаттың астарында қаншама оқиға жатқанын, оларды ашып-тексеріп, түсіндіру керектігінде дау жоқ. Ол үшін тікелей де, жанама да зерттеулер жүргізу қажет. Мысалы, 1737 жылғы 24 маусым күні Қаз дауысты Қазыбек бабамыз өткізген үш жүздің өкілдері қатысқан хан кеңесіне байланысты құжаттардың бұрын-соңды ешбір тарихи әдебиетте қозғалмаған, зерттеушілерге әзір беймәлім, мәселеге қатысы бар. Ал сол кеңестің қорытындысы, шешім ретінде Ресей үкіметіне тапсырылған. Бірақ одан кейінгі оқиғалар көмескі. Демек, тағы да тереңірек үңіліп, кеңірек қарауға сұранып тұр. Әрине, ғылыми танымда шек жоқ. Оған тек уақыт керек, өмір керек. Әсіресе қаржы керек. Қазыбек Келдібекұлының қазақ тарихында алатын орны туралы ел аузында сақталып қалған, адамгершіліктің, ізгіліктің, ар-намыстың, көрегендіктің үлгісіндей сөздер қаншама аңыз-әңгімеге арқау болғаны, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тәрбиенің баға жетпес қазынасындай санамызға сіңгенін дәл қазірдің өзінде әрбір қазақ біледі. Жеке басының өнегесімен, «Қазыбек айтыпты» деген сөзімен үнемі жаңара, жаңғыра қайталанып келе жатқан ұлағат иесі туралы үш жүздің қазағына тараған аңыз-әпсаналарда, әрине, толып жатқан қоспалар, артық-кемді ауытқулар болатыны заңды.

Өз шаңырағын өзі көтеріп, таңдаған жеріне атын тұсаған еркін кезде басына қиындық түссе, пәрмен сұрап, бабамыздың әруағын шақырған қазағым, тіпті кешегі материалистер билігі дүрілдеп тұрған шақтың өзінде, сол бетінен танбағанын көзіміз көрді. Атеист болып, құранға қол жаймаған тікбақайлардың өзі Қазыбек бабамыздың есімін ауызға алғанда, бойына қуат бітіп, демеу алғандай болатын. «Атақты әділ би еді, ел қорғаған батыр еді, сөз бастаған шешен еді» деп арнайы насихатталмаған күннің өзінде халқының есінен кетпей, атадан балаға ұласып, есімі ұлтымыздың санасында сақталған құдыреттің сырын қарапайым түсінікпен ашу оңай болмаса керек. Қалың қазағыңды былай қойғанда, үш ғасыр бұрын ата жауымыз саналған қалмақтарды табындырған, екі тараптағы қос империя – орыс пен қытайдың билік иелерін мойындатқан бабамыздың «артық жаратылған» адамзат екенінің айғағы осындай. Реті келгенде, бабамыздың кәдімгі Қазыбек есіміне «Қаз дауысты» деген анықтауыш екі сөздің қосылуына байланысты көптен сақтап жүрген ойымызды ортаға салатын кез келгендей. Шынында, бұл анықтауыш және есімге қосылған айрықша сипат кездейсоқ па? Әлде, айтылып, жатталып келе жатқан «дауысы қаздың дауысындай, сирек естілетін, ерекше назар аудартатын» болғаны үшін солай аталып кетті ме? Бұлай аталуының бастауында қалмақтың ханы қоса айтылатыны тегін бе?

Екінші бір түйткіл – тек дауысы әдеттегіден оғаш естілгендіктен ғана ма? Адамның ерекше қасиеттерінің бірі ғой, дей қойғанның өзінде әнші емес, жыршы емес, тіпті жаршы да емес жігітті көтермелейтін сипат емес қой. Қаздың дауысы, әдетте, жарықшақ, құлаққа онша жағымды бола қоймайтын дауыс емес пе еді? Осындай ойлар төңірегінде іздеуге, ізденуге тура келді. Қалмақ-орыс, қазақ-моңғол сөздіктерін ақтарып отырып, жобаға келетіндей анықтауышқа кездескен сияқтымын. Б.Базылхан құрастырып, 1984 жылы шыққан «Моңғолша-қазақша сөздіктің» 163-бетінде: ДАВУУ 1. (сапалық) артық, сапалы, бағалы, құнды, үздік шығу, озат шығу; 2. (сан, мөлшер) артылу, арту, көбею, молаю, көлемдену деген аудармасы жазылған. Одан әрі: ДАВУУДА-Х 1. (сапа) арту, артылу, сапалану, үздік шығу... Бір сөзбен айтқанда, ДАВУУ түбірлес сөздер таратылған. Қазақ деген атымыз моңғолша ХАСАГ болып жазылатынын да көрдік.

Демек, аңыздан да шындық іздеуге болатынын байқаймыз. Еске түсірейікші, Қазыбек 14 жасында қалмақ ханының алдына суырылып шығып, аталы сөз айтыпты, дейді аңыз. Сонда хан: «Мынау бір артық жаратылған немесе өз жасынан артық көрінген, ерекше бала екен» депті. «Давууст» деген қазақ сөзінің дауыспен үндестігі салдарынан ғана қалыс естіліп, басқаша ұғынған деуге әбден болады. Біздің қазақта құлақпен естіп, құлақпен ғана қабылдайтын жағдайымыздың бар екеніне өзім бірнеше мәрте көз жеткіздім. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының тарихы бойынша зерттеулер барысында көне қалмақ тіліне машықтануға тура келгенде, талай қызыққа кездестім. Мысалы, Абылай хан жас кезінде жыртық киініп жүргені үшін «Сабалақ» атаныпты, шын аты «Әбілмәнсұр» екен дегеніміз, шынында «Сабалах» немесе жауынгер, орысша «боец» болып шықты. Сөздің түбірі сабау – кәдімгі қойдың жүнін сапалы етуге қолданылатын, яғни сабайтын қарапайым құрал.

Тағы бір мысал: «Буырылбайтал» деген жердің атының қойылуы буырыл түсті ұрғашы жылқы деп жүрсек, «бұрылатын» немесе орысша «поворот» деген сөз екен. Көктемдегі «ұзын сары емес» қалмақтың «зуун саар» жаз айы деген сөздің аудармасы. «Табан қазы» дегеніміз аяқтың табаны емес, «қалыңдығы бес елі» дегенді білдіреді. «Қостанай» дегеніміз екі тана немесе бұзау емес, «судың жағасындағы ағаш» деген мағына береді. Айта берсе, бұл өзі бір жатқан түпсіз терең тақырып. Сондықтан бабамыздың Қаз дауысты Қазыбек атануы – «тумысынан артық жаратылған данышпан, әулие» дегенді білдіретініне байланысты екен.

Ұлы адамдардың өмірі, іс-әрекеттері туралы түрлі аңыз-әңгімелер көп болады. Ол ештеңе емес-ау, сол аңыздардың шындыққа жарасымды болғаны қандай жақсы. Жарайды, қазақтың ауызша тарихында артық-кемді сөздер, тіркестер айтылып жатар. Негізгі кейіпкердің қасиетті тұлғасына табынған жұрт сол аңыздарды даусыз ақиқат ретінде қабылдап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра береді. Дәл осы арада ескертуге де тұратын, жөн-жосықсыз өрбіте беруге, өсіре беруге болмайтын да бір мәселе бар сияқты. Өткен замандағы құбылыстар мен оқиғалар жөнінде нақты дерек болмағандықтан, тіпті солай болуы мүмкін деген сеніммен қайталана беретін «деген екендерді» де шектейтін уақыт келген сияқты. XXI ғасырдың алғашқы отыз төрт жылын да артқа тастадық. Қазақ тарихын түгендеп жатырмыз. Жастарды ата-бабаларымыздың адамгершілік, адал гуманистік, ерлік дәстүрлеріне сай тәрбие жүйесіне, балаларымызды, немере-шөберелерімізді дұрыстыққа тәрбиелеуге пейілміз. Сөйте отырып, жаппай сауатсыздық жайлаған замандарда айтылып қалған көпірме сөздерді талғамай-таңдамай, тіпті жаңаша үстемелей бергеніміз дұрыс болмас. Айтпағым, ұлы адамдардың есіміне байланысты мағлұматтың аяусыз өтірікке суарылып, өршіп бара жатқаны. Қазақ тарих ғылымының қазіргі деңгейінде, таным-білім өскен кезде жастарымызды ертекпен ауыздандырғанымыз жараспас. Иә, аңыздың да өмір сүруге, таралуға хақысы бар. Бірақ аңыз екенін көрсетіп, жазып, көрсетуіміз керек қой. Аңыздың ауылында ғылымға және дерекке орын жоқ.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры

ҚАНАТТАС ҚАЛАЛАРДЫ ҚАЛАСА...

Еліміздің ішкі көші-қон мәселесінде ескерілмей келе жатқан екі нәрсе бар. Ол – халық тығыз орналасқан өңірден теріскей жаққа бет ауған қазақтардың таңдауын Алматы, Астана немесе Шымкент сияқты ірі шаһарлар емес, осы қанаттас қалаларға аудару мәселесі.

Айгүл УАЙС

Астананың іргесінде Қосшы болса, Қарағандының өзі қатарлас дамып келе жатқан бірнеше қанаттас қалалары бар. Мұндай қалалар еліміз бойынша көптеп саналады. Айтпағымыз, егер солтүстік облыстардың қанаттас қалаларына жол түсіп бара қалсаңыз, өзге елде жүргендей әсерде қаласыз. Бұрындары кеніш орындары болған елді мекендерде, ірі орталықтарға жапсарлас бой көтерген елді мекендердің кезінде жұлдызы жанған шағы болған. Көлік, басқа да құрылымдары ірі қалалардан кем түспейтін. Кейіннен ондағы кәсіпорынның дені жабылып жатса да, қуаты әлі қайта қоймаған себепті, тұрғындардың тірлігіне жететін кәсіп әлі де жоқ емес. Жұмыс бар жерде береке бар. Мұндай қалалар Қарағанды, Петропавл, Қостанай және Көкшетау төңірегінде жеткілікті. Көрші мемлекеттерден көшіп келіп жатқан қандастарымыз болмаса, мұнда жергілікті халықтың саны мүлдем аз.

Неге қанаттас қалалардағы қазақтардың санын көтеріп, тұрмысқа қолайлы жерлерді қазақтандыру мәселесін алға тартпайды. Қазақтар міндетті түрде жолы жоқ, алыс ауылдарға ғана қоныстануға тиіс пе?

Бұл аса маңызды, себебі көшіп келген қазақ құрылымы жетілген ортаға тез икемделеді. Артынша жаңа жерге бауырлап, басқа да ағайындарын алдыруға өте қолайлы мүмкіндік туады. Екіншіден, мұнда тұрақты жұмыс бар. Ал тұрғын үй мәселесін де әрқалай шешуге болады. Қала шетіндегі бос жатқан жерлерге өздері баспана салып алуға мүмкіндік ашып, қолдау керек. Бұл да жұмыс орны. Орталықтарға қарағанда салынатын үйлердің өзіндік құны әлдеқайда арзан түсер еді.

Нақты тәжірибе ретінде айту керек, осыдан біраз жыл бұрын Екібастұз қаласына Астанадан жүзден астам отбасы көшіп барған болатын, олар қалай орнықты, қалай икемделді дегеннен көптен хабар жоқ. Жалғасын тапса, жақсы жоба болатын.

Бұл жағдайдың бір жағы, екінші мәселе – осындай шағын қалаларға көшіп келгендерді ортаға тарту. Сөзімнің мысалы ретінде айта кетейін, дәл осындай ірі қалаға серіктес бір елді мекенге жол түсті. Ел шетіндегі ұзыннан ұзын салынған саяжайларға қарап, мұнда көшіп келгендердің дүнгендер екенін білдік. Бірақ жергілікті қазақ-орысы екі бүктетіліп, жерді тырмалап отырғандардың тірлігін ерсі көріп, жайнап өсіп тұрған жасыл бағын да сынға алды.

Есіме Астанаға алғаш көшіп келгенде, ауызекі тілде жиі еститін «ежиктер» сөзі түсті. Бұл оңтүстіктен келгендерге жергілікті халықтың берген атауы болатын. Адам баласы сөйлескенше, қазір «ежик» деп ешкім айтпайды. Бұл – бірін-бірі танып болмайтын үлкен орта. Естігенде шамданып қалатынбыз. Ал шағын елді мекендегі жаңадан көшіп келген азаматтардың әлеуметтенуіне, интеграциялануына көмек көрсетуде не амал жасап отыр?

Осы ретте қазақтың әдемі дәстүрі болатын. Ол – ерулік. Ерулік – жаңадан көшіп келген көршілерді үйге шақырып, дастархан жайып, қонақ қылу дәстүрі. Тұрғылықты ауыл тұрғындары жаңа қонысқа көшіп келген отбасы сол ортаға тез үйренісіп, бір-бірімен жақын араласып кетуін ойлап, барынша көмек берген. Бірақ табақтас болмаса да, басқа да жолымен бейтаныс таныстыруға, табыстыруға болады ғой.

Жалпы, солтүстікке көшіп баратындарға түрлі көмек қарастырылған. Көшіп келетін адамдар үшін мынадай мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі: жаңа жерге ат басын бұрарда материалдық көмек, барған жерінде тұратын үйді жалдау мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды мемлекет төлеп береді. Кәсіптік білім алғысы келсе, оны қолдайды. Жаңа тұрғылықты жерінде кәсіпкерлікті дамытуға және жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі. Солтүстік өңірлердегі ауылдарды сақтау, мектептердегі оқушы санын арттыру мақсатында жергілікті әкімшілік алдына мал мен егін салатын жер де береді.

Бірақ мұның ішінде адамның жеке басына қатысты, ерулік жасап, олардың ортамен тез байланыс орнатып, өлі-тірісіндегі қуаныш-қайғысына да бірге болуға септігін тигізу жағын ескермейді. Өскен жерінен, ағайын ортасынан алыстап, жаңа жерге қоныстанған адамның жағдайын жақсы түсінген қазақтар осы салтпен адамдардың тонның ішкі бауындай тез аралысып, сіңісіп кетуіне жағдай жасайды. Бұл артта қалған жұртына алаңдайтындардың қатарын азайтып, өзім деп келген елдің бір адамына тез айналар еді. Бір рет табақтас болғанымен қырық күн сәлемдесетін салтымыз бар, адам тілдескенше деген. Ендеше оңтүстіктен қоныс аударушылардың жергілікті халық несібесіне ортақтаса келгендей алакөз етпей, тез табыстырғанға не жетсін!



№85 (4829) 22/07/2025 Сейсенбі

ТІЛ ТАҒДЫРЫ ТЫНЫМ ТАПТЫРМАЙДЫ

Түп-тұқиянын талқылауға тырысқан тартуымның «тематикасы», «текстовкасы», «тақырыбы» (теңеуін тілегіңіз таңдасын) – тіл тағдыры. Тіл туралы талай-талай талпынып, талаптанып, толғаныстан, талас-тартыстан туған тұсаукесер туындым. Тіл тағдыры – талай тарландарды тыным таптырмай тұрған тақырып.



Тарихты терең талдасақ, тіл тағдыры толғантқан талай танымал тұлғаларымыз түрмеге тоғытылды, тамұққа түсті, төбеттерге таланды. Тоталитаризмнің төтенше төбеттері Тұрарларымызбен тапанша тілімен тілдесті. Тәуелсіздігіміздің туы тігіліп, тайпа тағдыры тұрақтағалы тіліміздің түбегейлі тірілуін, туған тұғырына тік тұруын тай-тұяғымызбен, түгеліміз тіледік.

Тілінің тілеуін тілемейтіндердің тізіміне:

– төл тілінде түсініспейтін тексіздерді;

– туған тегін танымайтын тасбауырларды;

– тік ішегін тезекке толтырып, тамаққа тойғанына тоқмейілсіген тоғышарларды топтастырдым. Тізбелесек тағысын-тағы, топтасып тоқайласқан тұжырымсыздар, тіл тарихын түрпілеп түзетуге талпынған тұрлаусыздар, тұрпайы түсініктерімен тәнімізге тағылған таңба тәрізді. Табаны тайғанақтап тұрған тіл тағдырына толғанбайтын, тәубені түсінбейтін, тәкаппар, төресымақ, табысқой танысымнан тіл тазалығын түсіндірмекке талабымды тоқанымда тулаған тайдай тарпынып, талағы тарс түсті.

– «Трагедизируешь! Таласып-тартысуға тұрмайтын тақырып. Төбеде тұрған тағынан түспейтіндердің таңдаған «традициялық», «транспаренттік», «трасттылық», «толеранттық» туралы тілшілердің тапқан танымал терминдерінің түпнұсқасын талқылауың – тантықтардың теориясы. Так-что товаришь!».

– «Тогда твоя теория тоже – твердолобая тупость (тәржімесі – топастық). Таңдағандарың – «тоталитарлық» тіл! Туған тіліміздің тарихи түптамырын түсінбейтіндердің, тіл тағдырын тендерге тоғытып тікелей табысты тілейтіндердің тұжырымдамасы».

Тәйтік топаспен тәжікелесіп, түк таппадым. Тоқтадым. Тартысқа толы тағдырымның тебіреністерін «Т-мен» тізбектеген туындымда тұңғыш тентегім Темірханым туралы толғандым. Темірханым туғанда төбем Тәңірдің тұрағына тәк-тәк тимей тұрды. Тілеуім түзу-тұғын. Төңірекке табалатпай, тәй-тәй тұрды. Таңдайы тақылдап, тілі түзелді. Төрт түлігім түгел, теңіздер таяз тартып, тіземе тимей тұрғандай-тұғын. Титімдей тәмпішіме тәлім-тәрбие тоқытатын, туған тілін терең түсіндіретін тиісті тұрақ таңдадым. Тұрған төңірегімізден төл тілімізде тәрбиелейтін «тәлімхана» таза тақыр табылмады.

Тағатым таусылғандықтан, 9-ға толған томпатай тентегімді тіліміздің тереңдегі тұнығымен табыстырдым. Төл тілімізді «тоталитарлық» тілден төмендетпей, терезесін теңестіріп таразыға тартудан тайынбадым. Тілімізді талас-талқыға түсіріп, «тендершілердің» торсығын толтырғанына төзбедім. Тілімнің тау-тасын талқандап, топ-тобымен, тайлы-тұяғымен топырлатып табанына тастауға тырысқандармен тартыстым. Таласқанмен тұрмыс түзелмесін түсініп, тәңірге табындым.

Тулақтай тырысқан тіліме тірек табылып, табалдырықтан төрге тартатын тарихи тұлғалар табылса, тұнжырауым тарқап, түркі тектес тілімнің тойында тамадалық талантымды талайыңа танытармын. Толғауы тоқсан тебіренісімнің тобықтай түйіні – тілімнің тағдыры.

Тіл тақырыбын талдасақ:

– тарихы табанға тапталған тақырып;

– төркінін талдасақ – тамыры терең тақырып;

– талапты түлекті түбегейлі толғандыратын тақырып;

– тынысы тарылып, тығырыққа тіреліп тұрған тақырып;

– туған төрінен тұғырын таппай тұрған тақырып;

– талқылай-талқылай төзімді тауысқан тақырып;

– түбің түскір тексіздердің тәлкегіне түскен тақырып;

– тоны тігілгенімен, түймесі тағылмай тұрған тақырып;

– «тоқалдан туған» тақырып;

– табанын тас тескен, тасмаңдай тақырып;

– тулағы тықыр, тұяғы тұқыл тақырып;

– талапайға, талан-таражға, тендерге түскен тақырып;

– тіземен таптап, тезге тартып түзетуге төзбейтін тақырып;

– тілмашқа телмірген, тәржімашыға тәуелді тақырып;

– тар телпек тақиялы төбелтаздар түсінбейтін тақырып;

– толғағы толып тұрған тақырып...

Тек тіл тақырыбының толғағы талықсып, түсік тастамауын тілейік. Тілдің туын тіктейтін талабы таудай тастүлектер тууын тілейік, туысқандар. Тәмсілге татитын, тәпсір тілемейтін титықтатқан тақырыбымды түйсігім тозып таусылғанша тәмамдамаспын.

Дүйсен ӘМІРХАНҰЛЫ

Менің әкем Қоржынбай Мұқашұлы 1916 жылы Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қоржынкөл ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген.

ӘКЕМНЕН ҚАЛҒАН ҚОС АМАНАТ



Әкесі – Мұхамедия (Мұқаш) қолөнер ұстасы, сыныққшы болған, анасы – Ұлжан. Қырқынан шықпай анасынан айырылып, Бибіжамал (Бибіш) әжесінің тәрбиесінде болған екен. Өткен өмірі, балалық шағы, соғыс көрген қиын жылдары туралы өмірінің соңғы күндерінде өз аузынан естіп, жазып үлгерген едім. Туған әкенің естеліктерін еске алу, ойлау қаншалықты маған ауыр болса да, бір сәтке ұмытқан емеспін. Жыл сайын Жеңіс күні әкемді еске алып, көз жасыма ерік беремін.

Көктем шыға қарадай елеңдей бастайсың, өйткені, 9-шы мамыр Жеңіс күні жақындап қалады. Әкелер келе жатқандай. Әкелері 41-дің соғысына кетіп қайтпаған, соғыс салған ауыр жаралармен елге оралған солдаттың ұрпағымыз ғой, сол үшін бізге 9 мамыр – ең қымбат күн.

Биыл жауды жеңген Жеңістің 80 жылдығы аталып өтуде. Осы бір күн жақындаған сайын мазасыз күй кештім. Әкемнің соңында қалған естелік әңгімелерін ұрпақтарына жеткізуге итермелейтін бойымда күш-жігер бар екенін түсіндім.

– Кеңес Армиясының қатарына мені 1940 жылы 14 қазанда қабылдады. Эревест-Павловск және Приморск-Амор өлкесі, Манзовка стансасында бір айдай карантинде болдық. Бұл теміржол әскерлерінің 9-полкі 7-рота әскери депосы еді. 1942 жылы майданға аттандық, пулеметшілерді даярлау курстарынан өттік. Көктемде сәуір айында біз фашистермен алғашқы жекпе-жекке шықтық. Бірнеше ауыр соғыс майданынан кейін мені пулеметші аға сержант болып тағайындады. 1943 жылы ауыр ұрыстардан кейін жеті рет жараландым. Кейін Мәскеу қаласының Ногинск ауданы мен Ярославль облысы, Рыбленский қаласы ауруханаларында ем алып, сауығып кеткеннен кейін тағы да соғыс ортасына оралдым. Соғыстан кейін Пушкин, Чкаловский, Краснопресненский аэродромдарының жалпы ұшу пункттеріне қызмет етуге жіберді, содан 1946 жылдың 23 қаңтарына дейін ұшақтарды күзеттік, – деген әкемнің айтқан көп әңгімесі осылай есімде қалды.

Тағы бірде айтқаны, 20 жасында әскерге алған, негізі 20-шы жылы туған екен. Құжатында жасын үлкен қылып жазып, әскер қатарына алып кеткен көрінеді. Әскердің соңы соғысқа жалғасқан.

Әрине, бүкіл соғыс, майдан даласы әңгімелерін айта берсем, ұзаққа созылып кетері сөзсіз. Кейде бір соғыс жайлы кино көре қалсам, әкемнің өзіме айтқан майдан әңгімелері есім түсіп, жылап та аламын.

Әскери қызметтің соңында контузия бойынша медициналық комиссияға жіберіледі. Денсаулығына байланысты барлық құжатты Ақмола облысының әскери комиссариатына жіберілетіні жайлы хабардар етеді.

Әкем бір хабар келер ме екен деп ұзақ күтетін. Өмірінің соңғы күндерін ауруханада өткізген әкем, жоғарыда айтылған, жүріп өткен соғыс жолдарын облыстық әскери комиссариатқа жеткізуімді, іздеуімді сұрады және менен отбасының үлкені ретінде, кіші балаларына қамқор бол деп кетті.

1981 жылы 16 қаңтарда әкем өмірден озды. Әкемнің аманатын орындап сіңлілерім, інімді тәрбиеледім, олар да ержетті. Тек, әкемнің тағы бір аманаты облыстық әскери комиссариатқа жолдаған хатыма жауап ала алмағаным ғана мұңайтады. Үмітсіз деп емеспіз. Бір күн болмаса, бір күн архивтердің бірінен әкем туралы хабар да табылар.

Ал, бәрінен бұрын мен 1941-45 жылдардағы соғысқа қатысқан, Отан соғысының ардагері Қоржынбай Мұқашұлының қызы екенімді мақтан етемін.

Өз өміріме келсем, 1975 жылы Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылы, Балғожиндар шаңырағына келін болып түстім. Өмірге 7 бала әкеліп, қазір 20-дан астам немере, шөбере сүйіп отырмын. Жолдасым Қабылғазы дүниеден өтті. «Алтын алқа» иегерімін. Мектепте химия-биология пәні бойынша 45 жыл ұстаздық еттім.

Жүректен кетпейтін әкемнің жарқын бейнесі ғұмыр бойы жанымда жүргендей. 9 мамыр мерекесі – мен үшін ең керемет күн. Жеңіс күнін жеткізген майданда от кешкен әкелер рухы мәңгілік жасай берсін.

Күлән ҚОРЖЫНБАЙҚЫЗЫ,
зейнеткер ұстаз,
Астана қаласы

АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРІ

АИТВ-инфекциясын алдын алу – ұлт денсаулығының кепілі. Себебі қарапайым және түсінікті шаралардың артында адамзат үшін ең қауіпті вирустардың бірінен қорғанудың нақты мүмкіндігі тұр. Ауру жасырын, ол жұқтырған адамның ағзасында бірнеше жыл өмір сүріп, бір сәтте иммундық жүйенің бұзылуына алып келеді.

Өзінің бойында АИТВ-инфекциясының бар екендігін адам кеш білгендіктен, оған қандай да болмасын емдеу шараларын көрсету мерзімін өткізіп алады.

АИТВ-инфекциясы әрдайым белгілі бір әрекеттер мен мінез-құлықтардың салдары екендігін ұмытпаған жөн. Адамдардың басым бөлігі аталған мәселе оларға ешқашан әсер етпейтініне сенімді. Осындай сенімділікті ақтау үшін, өзіңізді сенімді түрде қорғай алу үшін қарапайым қағидаларды ұстану қажет.

Статистикаға сәйкес, әлемдегі АИТВ-инфекциясының ең көп саны жыныстық жолмен және есірткі инъекцияларын қолдану кезінде жұғады.

Вирустың берілуінің барлық жолы жұқтырған биологиялық сұйықтықтың, оның ішінде қан, ұрық, қынаптық сөл, ана сүті және шырышты қабаттарға түсуі арқылы жүзеге асырылады.

АИТВ жыныстық қатынас кезінде, парентеральды және вирус жұқтырған анадан балаға тікелей жұғады. Сондай-ақ жұқтырған серіктеспен қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы жүзеге асырылады. Ерлерге қарағанда әйелдер инфекцияға бейім болып келеді. Жыныстық қатынастың қандай да болмасын түрі инфекциядан қорғамайды. Гомосексуалды қатынаста болатындар арасында науқастардың пайызы жоғары болып келеді. Анальды байланыс кезінде вирустың берілу қаупі әлдеқайда жоғары, өйткені тік ішектің шырышты қабаты жыныстық қатынас кезінде жиі жарақаттанады.

Парентеральды берілу жолы, жұқтырған қан сау адамның денесіне енген кезде жүзеге асырылады. Бұл есірткі қолданушыларға қатысты екенін білу қажет. АИТВ-инфекциясы осы өмір салтының болжамды нәтижесіне айналады.

Одан кейін инфекция бір адамнан екінші адамға жұғады. Мысалы, жүкті әйелден құрсақтағы балаға тікелей беріледі. Көбінесе ұрық жүктіліктің екінші айында жұқтырылуы мүмкін. Жұқтыру ықтималдығы нәрестені босану кезінде де, одан кейінгі емізу кезінде де жоғары болады.

АИТВ-инфекциясына қатысты негізсіз қорқыныштардан бойыңызды аулақ ұстаңыз. Вирус келесі жағдайларда жұқпайды:

- көз жасы, терлеу, жөтелу;
- қол алысу;
- жәндіктер ауруды қоздыратын инфекцияны тасымалдамайды.
- ортақ тамақ немесе ыдыс-аяқ (жалпы қолданыстағы заттар);
- инфекция суда болмайды (душқа, бассейнге немесе дәретханаға қатысты).

АИТВ-инфекциясының алдын алу әрқайсымыздың өз денсаулығымыздың құндылығын түсінуден басталуы тиіс.

Инфекцияның алдын алу қарапайым, бірақ өте маңызды қағидаларды ұстанудан тұрады:

– кездейсоқ жыныстық серіктестерден бас тартыңыз.

– есірткі қабылдаудан бас тартыңыз. Олардың әсерінен адам өзін-өзі бақылауды жоғалтады және бұл АИТВ оң болуы мүмкін есірткі тұтынушылардың бүкіл тобы арасында бір шприцті қолданудың әдеттегі жағдайы.

– анадан балаға инфекцияның берілуін болдырмау үшін дәрігердің нұсқауын ұстану керек. Олар АИТВ жұқтырған жүкті әйелді босануға және нәрестені күтуге дайындау жоспарына кіреді. Атап айтқанда, баланы ана сүтімен емізуден бас тарту керек.

– АИТВ-ға мезгіл-мезгіл тексеруден өтіңіз. Егер инфекцияның бар екендігі анықталса, уақыт жоғалтпай дәрігер тағайындаған емдеуді бастаңыз.

АИТВ инфекциясы созылмалы, прогрессивті ауру екенін ұмытпаңыз. Уақытылы емдеу жылдар бойы АИТВ-инфекциясының соңғы сатысының пайда болуына жол бермейді, кейде өмір бойы жұқтырған адамның иммундық жүйесінің бұзылуын тоқтатады.

Әр адам осы мәселеге саналы түрде қарап, аурудың берілу жолдары мен алдын-алу шараларын білсе, өз денсаулығын сақтап қалары анық.

О. КОРЧЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК дәрігер эпидемиологтың көмекшісі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

– Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, А.Пушкин көшесі, 2-ЖЭО ауданында орналасқан жер учаскесінде «Қойма үй-жайы» объектісін орналастыру бөлігінде, тапсырыс беруші «МЕВА GROUP» ЖШС;

– Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, «Северная гряда» құрылыс қоқыс полигонының жанында орналасқан жер учаскесінде «Қоқыс сұрыптау зауытының құрылысы» объектісін орналастыру бөлігінде, тапсырыс беруші «Астана қаласының ГорКомТранс» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 2 қыркүйек сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде suyunova.zh@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torg.

№85 (4829) 22/07/2025 Сейсенбі







КӨПШІЛІКТІ ҚЫЗЫҚТЫРҒАН ҚЫМЫЗ МЕРЕКЕСІ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Елорданың «Қазанат» атшабарында екі күн бойы «BaiQymyz – бапталған қымыз» ұлттық тағамдар гастрофестивалі өтті. Іс-шара ұлттық сусынның пайдасын паш етіп қана қоймай, қазақтың мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеген этнографиялық мерекеге айналды.

Аталған фестиваль халқымыздың дәстүрлі тағам мәдениетін, оның ішінде қымыз өндіру дәстүрін жаңғырту мен халықаралық деңгейге шығаруға бағытталды. Мұны болашақта Октоберфест сияқты халықаралық үлгідегі мәдени-аграрлық брендке айналдыру көзделіп отыр. Қонақтар екі күн бойы қымыздың түр-түрінен дәм татып, жылқы тұқымдары таныстырылған көрме мен этно-мәдени бағдарламаны тамашалады.

Фестиваль аясында ұйымдастырылған ғылыми конференцияда қымыздың емдік қасиеті, жылқы шаруашылығы мен дәстүрлі мал шаруашылығының даму болашағы талқыланды. Германия, Ресей, Қырғызстан елдерінен келген ғалымдар, дәрігерлер, ветеринарлар мен кәсіпкерлер өз баяндамаларын оқыды. Қатысушылар арасында германиялық жылқы шаруашылығы маманы Ханс Цольман, медицина ғылымдарының докторы Бақытжан Бимбетов, этнограф Айгерім Мұсағожинова және басқа да сарапшылар болды.

Ханс Цольман – Германиядағы ең ірі қымыз өндіруші. Қазіргі кезде ол 66 жылдық тарихы бар «Хоэр Оденвальд» жылқы шаруашылығын басқарады. Оның айтуынша, шаруашылықты қайың атасы ашқан. Ол кісі Кеңес дәуірі тұсында Қазақстанда түрмеде жатқанда құрт ауруына шалдығады. Түрмеден шығып, қазақ досы қымызбен емдеген соң, дертінен құлан-таза айыққан. Содан Германияға оралып, қымыз өндірумен шұғылдана бастады.

Қазір қымыз Германияда өте үлкен сұранысқа ие, жергілікті халық денсаулыққа пайдалы сусын ретінде іздеп сатып алады екен. «Хоэр Оденвальд» шаруашылығы айына 2-3 мың литр қымыз өндіреді. Бір литрінің бағасы – 15 еуро. Шаруа қожалығында 10 адам және Ханс Цольманның отбасы мүшелері жұмыс істейді.

«Біз отбасымызбен кез келген тапсырыс берушіге қымыз қазақ халқының киелі әрі шипалы сусыны, оның отаны Қазақстан екенін айтып жүреміз. Жалпы қымызды сатумен қоса, насихат жұмыстарын да жүргіземіз» дейді Ханс Цольман.

Фестиваль аясында «Ең үздік қымыз» байқауы ұйымдастырылды. Жалпы жүлде қоры 45 миллион теңгені құраған оның мақсаты еліміздегі ең сапалы әрі шипалы қымызды анықтау, қымызды денсаулық пен қонақжайлықтың символы ретінде таныту, сонымен қатар агротуризм мен жылқы шаруашылығын дамытуға серпін беру болды.

Байқау еліміздің түкпір-түкпірінен келген 50-ден астам қымыз өндірушінің басын қосты. Әрқайсысы кемінде 500 литрден қымыз алып келді. Жалпы алғанда елордаға 30 тоннаға жуық қымыз жеткізілді. Ұлытау облысындағы Жаңаарқаның қымызы осы күні брендке айналды. Алты жыл бұрын жаңаарқалықтар «1000 күбі – 10 мың литр қымыз» жобасымен Гиннес рекордтар кітабына енді. Осы өңірдің Ералиев, Ақтүбек, Ақтау, Түгіскен, басқа да ауылдарының қымыз өндірушілері өнімдерін ұсынды.

«BaiQymyz» байқауына қатысуға ауылымыздың әкімі ұсыныс жасады. Сауып отырған биелеріміздің түсіне байланысты өніміміздің атауын «Qula» қымызы атадық. Қазіргі таңда 100-ге тарта жылқымыз бар. Өзімнің шамама қарай 6 бие сауып отырмын» деді қатысушылардың бірі, Ералиев ауылындағы «Асбер Агро» ЖШС өкілі Гүлім Түскенова.

Жаңаарқаның қымызы «Алтын қор» арнайы жүлдесін алды. Түгіскен ауылындағы «Ілияс» шаруа қожалығының «Nomad milk» қымызын өндіретін Аманжан Омаров пен Қайнеш Ахметова 1 млн теңгелік сыйлыққа ие болды. Ал үшінші орынды Ақмола облысы Бурабай ауданының «Қымызынай» өнімі (10 млн теңге), екінші орынды Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы «Қарынши» шаруа қожалығы (15 млн теңге), бірінші орынды Абай облысы, Саржал ауылының «Жаныс» шаруа қожалығы (20 млн теңге) жеңіп алды.







Фестиваль барысында шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Онда қымыз дайындау, сақтау, ашыту, сондай-ақ оны капсула түрінде өндірудің заманауи әдістері таныстырылды. Сонымен қатар, тері илеу, ат әбзелдері мен тұрмыстық бұйымдарды жасау бойынша да қолөнер шеберлері өз білгендерін үйретті.

«Ер қанаты» атты жылқы көрмесінде қазақтың байырғы тұқымдары Жабы, Көшім, Қостанай, Мұғалжар, Адай және спорттық бағыттағы жылқылар көрсетілді. Оның аясында қолөнер шеберлері ер-тоқым, қамшы, ат әбзелдері сияқты тарихи бұйымдарын ұсынды. Көрменің басты ерекшелігі бірегей бұйымдар мен жылқыға арналған аукцион болды.

Бағдарлама шеңберінде аударыспақ, асау үйрету, құмай тазы жарысы, шалма салу сынды ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізілді. Қошқар көтеру, мешкейлер сайысы мен жілік сындыру секілді ерекше іс-шаралар фестиваль көрігін қыздырды.

«BaiQymyz» көптеген қала тұрғындары мен қонақтарының қызығушылығын тудырды. Алғашқы күні оны 40 мыңнан астам адам тамашалады. Жалпы қонақтар саны 70 мыңнан асты.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 85
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ